



*Ел жүргі - елорда шекіресі*

# АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**Елді елең еткізген**

**Түркия АҚШ әрекетін айыптады**

**Анкара Вашингтонның әрдайым әділдік жағында емес, әлдінің жағында жүретінін сынға алды.**



Түркия президентінің көмекшісі Ибрагим Калын мұны АҚШ БҰҰ Қauipсіздік кеңесінің Израиль мен Газа секторы жөніндегі қарарына вето қойғаннан кейін мәлімдеді.

«Құрама Штаттар басшылығының бұл қадамы күтпеген нәрсе болған жоқ. Бұл АҚШ-тың әділдік жағында емес, әлдінің жағында еkenін тағы да танытып беріп отыр. Бірақ Палестина халқы жалғыз емес. Біздің олардың әділдік жолындағы құресіне қолдау көрсетуіміз жалғаса береді» деді Калын. Айта кетейік, АҚШ мұның алдында БҰҰ Қauipсіздік кеңесінің Газа секторы мен Израиль басып алған территориядағы палестиналықтардың халықаралық қорғауға енгізу жөніндегі қарарын да өткізбей тастаған еді.

**Мәйдің көнілі қала бастапты**

**Ұлыбританияның премьер-министрі Тереза Мэй АҚШ-тың Еуроодак елдеріне баж салығын салып жатқанына ренжіп қалды.**

Маусымның 1-і күні Альбион жерінің басшысы Лондон мен Брюссельдің соққы астында қалған өнеркәсіп секторын қорғау жолында бірлесе құрес жүргізетінін мәлімдеді.

«АҚШ, Еуроодақ және Ұлыбритания жақын одақтастар болып табылады, олар бүкіл әлемде сауданың ашықтығы мен тазалығы жолындағы құндылықтар үшін құресіп келді, – деп сайдады ол. – Ұлыбритания үшін қорғаныс құймасы мен қалайы өнеркәсібі қашаннан аса маңызды сала, бұл

металдар Америка өнеркәсібі, соның ішінде оның қорғаныс нысандары үшін де аса қажет».

Мұның алдында Еуроодак Америка тауарларына қатысты шектеулер енгізетінін жариялаған болатын. Ол бұған Құрама Штаттар 1 маусымнан бастап ЕО елдерінен келетін болат пен қалайыға өзінің баж салығын салатынын мәлімдегеннен кейін өз кәсіпкерлерін қорғау үшін баруға мәжбүр болды.

## Дутерте «Шайтанға» жұмсады

**Филиппин президенті Родриго Дутерте БҰҰ-ның арнайы баяндамашысы Диего Гарсия-Саянуға «шайтанға» баруға кеңес берді.**



Дутерте мұны сарапшының Филиппиндегі сот жүйесіне қатысты білдірген пікіріне ашулану үстінде айтып салды.

Бұдан бұрын мемлекет басшысы елдің бас судьясы Мария Лурдесті өзінің бірқатар ұсыныстарын жүзеге асырудан бас тартқаны үшін «жау» деп жариялады, отставкаға жіберген болатын. Арнайы баяндамашы болса, соттар мен адвокаттардың тәуелсіздігі туралы айта келіп, мұны соттың тәуелсіздігіне төнген қауіп деп бағалаған.

«Айтындаршы анаған, менің елімнің ішкі ісіне араласпасын. Кетсін әрі шайтанға» деді Дутерте оның сөзіне қарай. Президент бұған өзінің БҰҰ баяндамашысы мәртебесін мойындалайтынын қости.

Жалпы, Филиппин басшысы бұған дейін де өзінің әртүрлі өрескел әрекеттерімен көзге түсіп жүрген болатын. Айтальық, ол бұдан бірнеше жыл бұрын АҚШ-тың президенті Барак Обаманы «қаншықтың баласы», БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мунды «ақымақ» деп тілдеген еді. Құрама Штаттардың қазіргі президенті Дональд Трамп та одан «ақымақ» деген сөгіс естіп қалды.